

МАТЕМАТИКА



2
бөлім

2
сынып

АЛМАТЫКІТАП

Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказу Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

+CD

Ә.Б. Ақпаева, Л.А. Лебедева, М.Ж. Мыңжасарова

МАТЕМАТИКА

Жалпы білім беретін мектептің
2-сынып оқушыларына арналған оқулық












2-бөлім

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі ұсынған*

Алматыкітап баспасы
2019

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 22.1я 72
А 37

Шартты белгілер

-  – сабақтың мақсаты
-  – талқыла, өз пікіріңді айт
-  – есіңе сақта
-  – дәптермен жұмыс
-  – есепті әртүрлі тәсілмен шығар
-  – тиімді тәсілмен есепте
-  – кім жылдам?
- бос орынға сан, таңба қой
- * – салыстыр, « $>$, $<$, $=$, \neq » белгілерін қой
-  – зертте
-  – топтық жұмыс
-  – жұптық жұмыс
-  – практикалық жұмыс

Ақпаева Ә.Б. және т.б.

А 37 Математика. 2-бөлім: Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық./Ә.Б. Ақпаева, Л.А. Лебедева, М.Ж. Мыңжасарова – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2019. – 72 бет, суретті.

ISBN 978-601-01-4011-0
2-бөлім. – 72 б., сур.:
ISBN 978-601-01-4013-4

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 22.1я 72

ISBN 978-601-01-4013-4 (2-бөлім)
ISBN 978-601-01-4011-0 (жалпы)

© Ақпаева Ә.Б., Лебедева Л.А.,
Мыңжасарова М.Ж., мәтіні, 2017
© «Алматыкітап баспасы» ЖШС, 2017

ҚҰРМЕТТІ ОҚУШЫ!

Оқулықтың екінші бөлімінде қызықты да жаңа материалдармен танысуды әрі қарай жалғастырасың. Сен рим цифрларын жазуды, оқуды, қолдануды және толық жүздіктердің атауын, жүздіктермен санауды үйренесің.

100 көлемінде қосуды және азайтуды, уақыт шамаларының мәнін салыстыруды және сағат бойынша уақытты дәл анықтауды, сондай-ақ қызықты есептер мен мысалдар шығаратын боласың. Ойлау қабілетін, тапқырлықты және шыдамдылықты қажет ететін жаңа логикалық есептер де берілген. Кейбір тапсырмаларды сыныптас достарыңмен бірге орындай отырып, топта жұмыс жасауды үйренесің.

Білім шыңын достарыңмен бірге бағындырған көңілді де, қызықты болады деп ойлаймыз. Біз, оқулық авторлары, саған білім жолында табыс тілей отырып, бәрі жақсы болатынына сенеміз.

Іске сәт!




Менің мектебім

Мен 12-ге дейінгі рим цифрларын оқуды, жазуды және қолдануды үйренемін.

I II III IV
V VI VII VIII
IX X XI XII

Мен санау бірлігі – жүздікті білетін боламын, жүздіктермен 1000-ға дейін санап үйренемін.

1 жүздік – 100
2 жүздік – 200
3 жүздік – 300
4 жүздік – 400
5 жүздік – 500
6 жүздік – 600
7 жүздік – 700
8 жүздік – 800
9 жүздік – 900
10 жүздік – 1000



10 онд. = 1 жүзд.

Мен 1000-ға дейін жүздіктерді ауызша қосу және азайтуды орындап үйренемін.



Рим цифрлары

Бәрін білгім келеді



Мен 12-ге дейінгі рим цифрларын оқуды, жазуды және қолдануды үйренемін.



1. Сандарды рим цифрымен жазуға болады. Мұндай цифрларды қайда кездестіргеніңді есіңе түсір. Бұл цифрлар қалай пайда болғанын анықта.




Рим цифрлары неге ұқсайды? Достарыңмен бірге 5, 10, 11, 12, 8, 6 сандарының рим цифрларымен жазылған нұсқаларын көрсет.



Рим цифрлары

I V X



1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI	XII



2. Тапсырманы үлгі бойынша орында.

наурыз	К	III			
	Ө				
сәуір	К	IV		Ж	
	Т			А	
мамыр	Е	V		З	
	М				
	К			Қ	
	Ү			Ы	
	З			С	



3. Өсу ретіне қарай ата.



4. Есепте.

$64 + 5$

$64 + 2$

$33 + 3$

$1 \text{ дм } 4 \text{ см} + 5 \text{ см}$

$42 + 5$

$47 - 6$

$78 - 5$

$9 \text{ дм } 7 \text{ см} - 5 \text{ см}$

$25 - 2$


$78 - 2$

$81 + 8$


$85 \text{ см} - 3 \text{ см}$

5. Есепті шығар.

а) Біздің сыныпта 16 оқушы спорт үйірмесіне, 9 оқушы музыка үйірмесіне қатысады. Спорт және музыка үйірмесіне барлығы неше оқушы қатысса, сонша оқушы сурет салу үйірмесіне барады. Неше оқушы сурет салу үйірмесіне қатысады?



ә) Сызба бойынша есеп құрастырып, оны шығар.



6. Кесте бойынша теңдеулер құрастырып, оларды шығар.

а)

Қосылғыш	19	y	36
Қосылғыш	x	12	x
Қосындының мәні	79	20	40

ә)

Азайғыш	47	x	100
Азайтқыш	x	18	y
Айырманың мәні	30	20	60

Менің сыныптас достарым



Мен 100 көлеміндегі сандар туралы білетінімді қайталаймын.




1. Кестеден 3 санды таңда. Оларды фишкалармен жап. Осы сандардың моделін жаса. Досыңнан санды атауын сұра.



1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
21	22	23	24	25	26	27	28	29	30
31	32	33	34	35	36	37	38	39	40
41	42	43	44	45	46	47	48	49	50
51	52	53	54	55	56	57	58	59	60
61	62	63	64	65	66	67	68	69	70
71	72	73	74	75	76	77	78	79	80
81	82	83	84	85	86	87	88	89	90
91	92	93	94	95	96	97	98	99	100




2. Сандардың моделіне қара. Кез келген модельдің көмегімен екі таңбалы сандарды қосуды және азайтуды көрсет. Қосуды қалай тексеруге болады? Азайтуды қалай тексеруге болады?



$56 + 2$

$56 + 20$



$56 - 2$

$56 - 20$

9	
8	9
7	8
6	7
5	6
4	5
3	4
2	3
1	2
	1



3. Есепті достарыңмен бірге шығар.

а) Әжем 16 картоп қосылған және 24 ет қосылған бәліш пісірді. Әжем барлығы неше бәліш пісірді?

ә) Сурет және сызба бойынша есеп құрастырып, оларды шығар.



4. Есепте.

Қосылғыш	$24 + 10$	$37 - 20$	$52 - 7$	$44 + 5$	45	67
Қосылғыш	23	32	43	30	$25 - 20$	$13 - 10$
Қосындының мәні						

Азайғыш	37	34	33	55	58	57
Азайтқыш	$7 + 13$	$4 + 26$	$43 - 30$	$5 + 7$	$8 + 12$	$7 + 7$
Айырманың мәні						

5. Есепте.

$1 \text{ м} - 25 \text{ см}$

$1 \text{ м} - 7 \text{ дм}$

$5 \text{ дм} + 13 \text{ см}$

$1 \text{ м} - 45 \text{ см}$

$1 \text{ м} - 6 \text{ дм}$

$6 \text{ дм} + 18 \text{ см}$

$1 \text{ ц} - 26 \text{ кг}$

$2 \text{ дм} - 12 \text{ см}$

$18 \text{ ц} + 25 \text{ ц}$

$1 \text{ дм} + 13 \text{ см}$

$2 \text{ дм} + 18 \text{ см}$


$19 \text{ л} - 15 \text{ л}$

$1 \text{ ц} - 47 \text{ кг}$

$65 \text{ кг} + 35 \text{ кг}$

$54 \text{ см} + 46 \text{ см}$

6. Сызықтарға қарындашты тигізбей, кім кіммен хабарласып жатқанын анықта.



Ынтамен оқимын




Мен санау бірлігі – жүздікті білетін боламын, жүздіктермен 1000-ға дейін санап үйренемін.



1. 100-ге дейін бірліктермен және ондықтармен сана.
10 қарындашты қалай атауға болады?



Заттар көп болғанда, оларды жүздіктермен санауға болады. Жүздікті алу үшін неше ондықты біріктіріп буу қажет? Жүздіктермен сана.



$$1 \text{ жүздік} = 10 \text{ ондық} = 100 \text{ бірлік}$$



- 1 жүздік – 100
- 2 жүздік – 200
- 3 жүздік – 300
- 4 жүздік – 400
- 5 жүздік – 500
- 6 жүздік – 600
- 7 жүздік – 700
- 8 жүздік – 800
- 9 жүздік – 900
- 10 жүздік – 1000

Толық жүздіктер атауында жүздіктердің санын көрсетіп тұрған цифрды атаймыз:

- 1 жүздік – 100 (бір жүз)
- 2 жүздік – 200 (екі жүз)
- 3 жүздік – 300 (үш жүз)
- 4 жүздік – 400 (төрт жүз)
- 5 жүздік – 500 (бес жүз)
- 6 жүздік – 600 (алты жүз)
- 7 жүздік – 700 (жеті жүз)
- 8 жүздік – 800 (сегіз жүз)
- 9 жүздік – 900 (тоғыз жүз)



2. Жүздіктерді өсу ретімен ата. Қандай жүздік жетіспейді?

900 300 200 400 100 600 700 500

3. Салыстыр.

9 онд. * 7 жүзд.
100 * 200

800 * 5 онд.
700 * 80

6 жүзд. * 8 онд.
900 * 5 жүзд.

4. Әр есепке сызба таңда. Оларды шығар.

а) Кітапханада бір күнде жануарлар туралы 17 кітапқа, ал одан 9-ы артық ертегілер кітабына тапсырыс берілді. Неше ертегілер кітабына тапсырыс берілді?

ә) Сәуле жексенбі күні кітаптың 21 бетін, ал дүйсенбі күні одан 4 бет кем оқыды. Сәуле дүйсенбі күні кітаптың неше бетін оқыды?

б) Сәрсенбі күні кітапханаға 21 бала, ал бейсенбі күні 9 бала келді. Кітапханаға қай күні балалар артық және нешеуі артық келді?



- } ? артық
 -

-
 - ?, артық

-
 - ?, кем



5. Есепте.

18 - 9

6 + 7

12 - 4

19 + 3

17 + 8

19 + 8

11 - 9

3 + 8

7 + 4

5 + 17

7 + 16

8 + 35


Оқудағы белсенділік




Мен 1000-ға дейінгі жүздіктерді ауызша қосуды және азайтуды орындап үйренемін.



1. Жүздіктің қалай құрастырылғанын түсіндір.





10 бірл. = 1 онд.



10 онд. = 1 жүзд.



Ондықтардың көмегімен 100 санының моделін құрастыр.



1 ондық



Жазуларға қарап, толық жүздіктерді қалай қосуға және азайтуға болатынын түсіндір.

а) $2 + 1$
 $3 - 1$

$20 + 10$
 $30 - 10$

$200 + 100$
 $300 - 100$

ә) Есепте.

$300 + 100 = 3 \text{ жүзд.} + 1 \text{ жүзд.}$

$400 + 500$

$1000 - 100 = 10 \text{ жүзд.} - 1 \text{ жүзд.}$

$800 - 200$



2. Көрсетілген өлшем бірліктеріне өрнекте.

$200 \text{ кг} = \square \text{ ц}$

$400 \text{ кг} = \square \text{ ц}$

$100 \text{ кг} = \square \text{ ц}$

$900 \text{ кг} = \square \text{ ц}$

$700 \text{ кг} = \square \text{ ц}$

$1000 \text{ кг} = \square \text{ ц}$



3. Есепте.

а)

$400 + 200$

$300 + 200 + 300$

$900 - (300 + 100)$

$700 - 200$

$1000 - 400 - 100$

$600 + 300 - 100$



ә) Есепте.

$25 + 3$

$79 - 5$

$49 + 2$

$26 - 9$

$78 - 6$

$45 + 3$

$27 - 8$

$31 - 7$

$34 - 2$

$96 - 2$

$45 + 6$

$27 + 9$

$23 + 4$

$35 - 2$

$38 + 3$

$42 - 8$

4. Есептердің берілуін салыстырып, оларды шығар.

а) Біздің мектепте 600 оқушы бар, ал көрші мектепте бізден 200 оқушы артық. Көрші мектепте неше оқушы бар?

ә) Біздің мектепте 600 оқушы бар, бұл көрші мектепке қарағанда 200 оқушыға артық. Көрші мектепте неше оқушы бар?

б) Біздің мектепте 600 оқушы бар, бұл көрші мектепке қарағанда 400 оқушыға кем. Көрші мектепте неше оқушы бар?

в) Бір мектепте 400 оқушы, ал көрші мектепте 500 оқушы бар. Екі мектепте барлығы неше оқушы бар?



5. Сандарды қалай қосқан ыңғайлы?

$1 \text{ жүзд.} + 2 \text{ жүзд.} + 3 \text{ жүзд.} + 4 \text{ жүзд.} + 5 \text{ жүзд.} + 6 \text{ жүзд.} + 7 \text{ жүзд.} + 8 \text{ жүзд.} + 9 \text{ жүзд.}$

$10 + 20 + 30 + 40 + 50 + 60 + 70 + 80 + 90$

$11 + 12 + 13 + 10 + 17 + 18 + 19$

$5 + 4 + 3 + 2 + 1 + 19 + 18 + 17 + 16 + 15$




Менің ұстазым



Мен шамалардың мәнін салыстыруды үйренемін, жүздіктерді ауызша қосуды және азайтуды орындаймын.



1. Тақтадағы жазуларға қара. Әр бағандағы мысалдардың бір-бірімен қандай байланысы бар?



2. Мысалдар жұбын тап.

$3\text{ ц} + 4\text{ ц}$

$1\text{ ц} + 5\text{ ц}$

$96\text{ см} - 3\text{ см}$

$10\text{ ц} - 6\text{ ц}$

$10\text{ дм} - 5\text{ дм}$

$8\text{ ц} - 5\text{ ц}$

$100\text{ кг} + 500\text{ кг}$

$300\text{ кг} + 400\text{ кг}$

$1000\text{ кг} - 600\text{ кг}$

$800\text{ кг} - 500\text{ кг}$

$100\text{ см} - 5\text{ дм}$

$9\text{ дм } 6\text{ см} - 3\text{ см}$




3. Диаграммаға қара және оны оқы. Есептерді екі амалмен шығатындай толықтыр.



Мен 2 «А»
сыныпта
оқимын.

Мен 2 «Б»
сыныпта
оқимын.



Мен 2 «Ә»
сыныпта
оқимын.



■ Ұл
■ Қыз

- а) 2 «А» сыныпта 8 ұл бар, ал қыздардың олардан 4-еуі артық.
2 «А» сыныпта неше қыз бар?
ә) 2 «...» сыныпта ... қыз бар, ал ұлдардың олардан ... артық (кем).
2 «...» сыныпта неше ... бар?

4. Салыстыр.

а)

$$5 \text{ дм } 3 \text{ см} * 56 \text{ см}$$

$$64 \text{ см} * 7 \text{ дм}$$

$$87 \text{ см} * 1 \text{ м}$$

$$1 \text{ дм } 5 \text{ см} * 2 \text{ дм}$$

$$7 \text{ дм } 5 \text{ см} * 75 \text{ см}$$

$$1 \text{ м} * 2 \text{ дм}$$

$$1 \text{ м} * 2 \text{ дм } 3 \text{ см}$$

$$10 \text{ дм} * 1 \text{ м}$$

$$9 \text{ дм } 9 \text{ см} * 1 \text{ м}$$

ә)

$$5 \text{ л} + 8 \text{ л} * 3 \text{ л} + 7 \text{ л}$$

$$9 \text{ л} + 4 \text{ л} * 5 \text{ л} + 9 \text{ л}$$

$$12 \text{ л} - 8 \text{ л} * 14 \text{ л} - 8 \text{ л}$$

$$8 \text{ л} + 3 \text{ л} * 8 \text{ л} + 8 \text{ л}$$

5. Өрнектерді оқып, олардың мәнін тап.

$$100 - (60 + 20)$$

$$50 - (40 - 20)$$

$$80 + (40 - 20)$$

$$(40 + 20) - 50$$

$$600 + (300 - 100)$$

$$(700 - 300) + 200$$

$$400 - (300 + 100)$$

$$1000 - (200 + 500)$$

Тиімді тәсілмен қосу және азайту. Есепті әртүрлі тәсілмен шығару

Үй тапсырмасы





Мен тиімді тәсілмен есептеп үйренемін.



1. Сырым үй тапсырмасын орындау барысында қиындықтарға тап болды. Сыныптастарынан көмектесулерін сұрады. Әр бала өз



нұсқасын ұсынды.



Қалай ойлайсың, балалардың қайсысы есептеудің тиімді тәсілін ұсынды? Зерттеу жүргіз.



Тиімді тәсілмен есепте.

$$9 + 6 + 1$$

$$7 + 5 + 3$$

$$18 + 2 + 9$$

$$5 + 9 + 5$$

$$10 + 2 + 8$$

$$16 + 10 + 4$$

$$6 + 30 + 4$$

$$45 + 7 + 3$$

$$75 + 6 + 14$$



Достарыңмен бірге тиімді тәсілмен есепте.



$$(71 + 16) + 9$$

$$24 + (48 + 6)$$

$$(52 + 35) + 8$$

$$41 + (25 + 9)$$

$$32 + (8 + 19)$$

$$(53 + 19) + 7$$



Қосудың терімділік қасиетін есіңе түсір.

$$\square + (\square + \square)$$

$$\square + (\square + \square)$$

$$\square + (\square + \square)$$



2. Есепті оқы. Бұл есепті әртүрлі тәсілмен шығаруға болады.

Қапшықта 10 көк, 20 жасыл және 30 қызыл шар бар. Қапшықта барлығы неше шар бар?

1-тәсіл


2-тәсіл

3-тәсіл



3. Есептерді шығар.

а) Жемсауытқа 3 сары шымшық, 4 көгершін және 6 торғай қонды. Жемсауытта барлығы неше құс болды?



ә) Спорт дүкеніне 30 құрсау, 20 секіртпе және 50 доп әкелінді. Дүкенге барлығы неше спорт құралы әкелінді?



4. Есептемей салыстыр.

$$45 + 64 * 45 + 46$$

$$99 - 8 * 99 - 88$$

$$88 - 55 * 88 - 15$$

$$34 + 60 * 34 + 6$$

$$77 - 66 * 77 - 16$$

$$45 + 54 * 45 + 45$$



5. Тура теңдік шығатындай жақша қой.

$$50 - 30 - 20 = 0$$

$$12 - 6 - 6 = 12$$

$$9 + 9 - 5 = 13$$

$$50 - 30 - 20 = 40$$

$$12 - 6 - 6 = 0$$

$$11 - 5 - 3 = 9$$

39

Екі таңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмі. $32 + 45, 77 - 32$

Менің мектебімдегі дене шынықтыру сабағы



Мен екі таңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмін қолдануды, баған түрінде есептеуді үйренемін.



1. Дене шынықтыру сабағындағы ойын эстафетасы саябақта өтті. Мысалдарды шығарып, балалардың әрқайсысының өз жаулаушасын тап.



2. Ауызша қалай есептеу керектігін түсіндір.

Ондықтар	Бірліктер

$$\begin{array}{r} 32 + 45 \\ 77 - 32 \end{array}$$

Ондықтар	Бірліктер

$$\begin{array}{r} + 32 \\ 45 \\ \hline 77 \end{array}$$



Есептеуді баған түрінде жазған ыңғайлы.

$$\begin{array}{r} 77 \\ - 32 \\ \hline 45 \end{array}$$

Ондықтарды ондықтардың астына, ал бірліктерді бірліктердің астына жазамын.

Бірліктерді қосамын: $2 + 5 = 7$.

7-ні бірліктердің астына жазамын.

Ондықтарды қосамын:

3 онд. + 4 онд. = 7 онд.

7-ні ондықтардың астына жазамын.

Жауабы: қосындының мәні 77-ге тең.

Ондықтарды ондықтардың астына, ал бірліктерді бірліктердің астына жазамын.

Бірліктерді азайтамын: $7 - 2 = 5$.

5-ті бірліктердің астына жазамын.

Ондықтарды азайтамын:

7 онд. - 3 онд. = 4 онд.

4-ті ондықтардың астына жазамын.

Жауабы: айырманың мәні 45-ке тең.

3. Баған түрінде жазып, түсіндіре отырып есепте.
Дұрыстығын тексер.

$36 + 23$

$59 - 23$

$89 - 28$

$51 + 23$

$43 + 25$

$63 - 21$

$57 + 22$

$72 - 21$

$75 + 23$

$67 - 36$

$59 - 45$

$86 - 33$

$98 - 65$

$44 + 42$

$43 + 24$

$54 + 25$



Әртүрлі өлшем бірліктерінде өрнектелген шамаларды бірдей өлшем бірліктерге айналдырып алып, содан соң амалды орындаған тиімді.



4. Түсіндіре отырып, есепте.



$$\begin{array}{r} + 5 \text{ дм } 3 \text{ см} \\ + 3 \text{ дм } 2 \text{ см} \\ \hline \\ - 7 \text{ дм } 9 \text{ см} \\ - 2 \text{ дм } 6 \text{ см} \\ \hline \end{array}$$

$$\begin{array}{r} + 53 \text{ см} \\ + 32 \text{ см} \\ \hline \\ - 79 \text{ см} \\ - 26 \text{ см} \\ \hline \end{array}$$



$98 \text{ см} - 23 \text{ см}$

$29 \text{ см} - 13 \text{ см}$

$3 \text{ дм } 2 \text{ см} + 5 \text{ дм } 6 \text{ см}$

$41 \text{ л} + 36 \text{ л}$

$95 \text{ см} - 63 \text{ см}$

$7 \text{ дм } 8 \text{ см} - 2 \text{ дм } 5 \text{ см}$

$45 \text{ см} + 21 \text{ см}$

$4 \text{ дм } 2 \text{ см} + 4 \text{ дм } 7 \text{ см}$

$3 \text{ дм } 3 \text{ см} + 1 \text{ дм } 6 \text{ см}$

$31 \text{ л} + 14 \text{ л}$

$7 \text{ дм } 6 \text{ см} - 5 \text{ дм } 2 \text{ см}$

$9 \text{ дм } 4 \text{ см} - 6 \text{ дм } 3 \text{ см}$

5. Есептің қысқаша жазылуын немесе сызбасын құрастыр.
Оны шығар.

а) Спорт жарысына екінші сыныптан 7 қыз және үшінші сыныптан 6 қыз барды. Ал екінші және үшінші сыныптан қанша қыз барса, төртінші сыныптан сонша қыз барды. Төртінші сыныптан жарысқа қанша қыз барды?



ә) Есепті санды деректермен толықтырып, оны шығар.

Спорт жарысына қыз қатысты. қыз жүгірді, ал қалғандары ұзындыққа секірді. Неше қыз ұзындыққа секірді?

40

Екі таңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмі.
 $46 + 14$, $60 - 14$, $82 + 18$, $100 - 82$



Мектептегі спорт үйірмесі




Мен екі таңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмін қолдануды үйренемін.



1. Әлия мен Сырымның қалай есептегеніне қара. Сандар моделінің көмегімен қалай есептеуге болатынын түсіндір.



$$\begin{array}{r} 1 \\ + 27 \\ + 3 \\ \hline 30 \end{array}$$




$$\begin{array}{r} \cdot \\ - 30 \\ - 3 \\ \hline 27 \end{array}$$



2. а) Есептеуді түсіндір.

$$\begin{array}{r} 1 \\ + 46 \\ + 14 \\ \hline 60 \end{array}$$



$$\begin{array}{r} \cdot \\ - 60 \\ - 14 \\ \hline 46 \end{array}$$

... жазамын.

Бірліктерді қосамын:

$6 + 4 = 10 = 1$ онд. 0 бірл.

0-ді бірліктердің астына жазамын. Ондықтарға қосу үшін 1 ондықты есіме сақтаймын.

Ондықтарды қосамын:

4 онд. + 1 онд. + 1 онд. = 6 онд.

Жауабы: қосындының мәні 60-қа тең.

... жазамын.

Бірліктерді азайтамын:

0-ден 4-ті азайта алмаймын.

6 ондықтың 1 ондығын аламын.

Азайтамын: $10 - 4 = 6$.

Ондықтарды азайтамын:

6 ондықтың 1 ондығын қарызға алдым, 5 ондық қалды.

5 онд. - 1 онд. = 4 онд.

Жауабы: айырманың мәні 46-ға тең.

ә) Есептеу тәсілін түсіндір.

$$\begin{array}{r} \\ + 82 \\ \hline 100 \end{array}$$

$$\begin{array}{r} \\ - 100 \\ \hline 82 \\ \hline 18 \end{array}$$

... жазамын.

Бірліктерді қосамын:

$2 + 8 = 10$ немесе 1 онд. 0 бірл.
0-ді бірліктердің астына жазамын,
ал 1 ондықты есіме сақтаймын.

Ондықтарды қосамын:

$8 \text{ онд.} + 1 \text{ онд.} + 1 \text{ онд.} = 10 \text{ онд.} =$
1 жүзд.

0-ді ондықтардың астына және
1-ді ондықтардың сол жағына
жазамын.

Жауабы: қосындының мәні
100-ге тең.

... жазамын.

Бірліктерді азайтамын:

0-ден 2-ні азайта алмаймын.
1 жүздікті аламын, ұмытпас
үшін нүкте қоямын.

$1 \text{ жүзд.} = 10 \text{ онд.} = 9 \text{ онд.} + 10.$
 $10 - 2 = 8.$

8-ді бірліктердің астына
жазамын.

Ондықтарды азайтамын:

$9 \text{ онд.} - 8 \text{ онд.} = 1 \text{ онд.}$

Жауабы: айырманың мәні
18-ге тең.

3. Баған түрінде есепте. Дұрыстығын тексер.

$$\begin{array}{l} 43 + 17 \quad 37 + 13 \quad 49 + 21 \quad 90 - 18 \quad 60 - 35 \quad 33 + 67 \\ 50 - 14 \quad 100 - 53 \quad 100 - 67 \quad 100 - 18 \quad 24 + 76 \quad 44 + 56 \end{array}$$

4. Есептерді шығар.

а) Каратэ үйірмесіне 40 бала, ал баскетболға одан 12 бала кем қатысады. Ал каратэ мен баскетболда қанша бала болса, волейболға сонша бала қатысады. Волейбол үйірмесіне неше бала қатысады?

ә) Сырым бірінші тоқсанда спорттық гимнастикадан 21 сабаққа, ал екінші тоқсанда сонша және үшінші тоқсанда 18 сабаққа қатысты. Үш тоқсанда ол барлығы неше сабаққа қатысты?



5. Түсіндіре отырып, есепте.

$$\begin{array}{r} 6 \text{ дм } 3 \text{ см} \\ + 1 \text{ дм } 7 \text{ см} \\ \hline \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 5 \text{ дм } 2 \text{ см} \\ + \quad \quad 8 \text{ см} \\ \hline \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 8 \text{ дм } 0 \text{ см} \\ - \quad \quad 4 \text{ см} \\ \hline \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 7 \text{ дм } 0 \text{ см} \\ - 1 \text{ дм } 5 \text{ см} \\ \hline \end{array}$$

Мектептегі спорт алаңы



Мен 100-ге дейінгі сандарды, толық жүздіктерді қосуды және азайтуды қайталаймын.



1. Түсіндіре отырып, есепте.

а) $37 + 3$ $40 - 3$ $54 + 6$ $60 - 6$
 $\begin{array}{r} 37 \\ \swarrow \downarrow \\ 30 \quad 7 \end{array}$ $\begin{array}{r} 40 \\ \swarrow \downarrow \\ 30 \quad 10 \end{array}$ $\begin{array}{r} 54 \\ \swarrow \downarrow \\ 50 \quad 4 \end{array}$ $\begin{array}{r} 60 \\ \swarrow \downarrow \\ 50 \quad 10 \end{array}$

ә) Түсіндіре отырып, баған түрінде жазып есепте. Дұрыстығын тексер.

$35 \text{ см} + 55 \text{ см}$	$24 \text{ см} + 36 \text{ см}$	$80 \text{ см} - 45 \text{ см}$
$90 \text{ см} - 48 \text{ см}$	$90 \text{ см} - 36 \text{ см}$	$50 \text{ см} - 23 \text{ см}$
$36 \text{ см} + 44 \text{ см}$	$13 \text{ см} + 77 \text{ см}$	$68 \text{ см} - 42 \text{ см}$

2. Қай баланың добы торға түсетінін анықта.

$37 + 23$

1

$80 - 17$

2

$60 - 23$

3

$70 - 13$

4

$90 - 14$

5

$44 + 26$

6

$28 + 12$

7




3. Есеп құрастыр.

Қыздар – 7
 Ұлдар – ?, 3-еуі артық

4. Есепті шығар.

Мектеп спортзалында 22 футбол добы, ал оған қарағанда 19-ы артық теннис добы бар. Спортзалда барлығы неше доп бар?



5. Теңдеулерді шеш.

$$23 + y = 88$$

$$45 + x = 95$$

$$x + 25 = 48$$

$$y - 30 = 56$$

$$67 - y = 45$$

$$59 - y = 11$$

6. Кесінділерді өлше. Берілгеннен 3 см қысқа кесінділер сыз.



7. Заңдылықты анықта және қатарды тағы 3 санға жалғастыр.



8. Есепте.

$$800 - 500$$

$$600 + 400$$

$$500 + 500$$

$$200 + 400$$

$$800 - 300$$

$$1000 - 200$$

$$200 + 200$$

$$400 + 400$$

$$300 + 300$$

Тыңдауды және түсіндіруді үйренемін



Мен екі амалмен орындалатын есептерді әртүрлі тәсілмен шығаруды үйренемін.



1. Парталас досыңнан №1 (а) кестені түсіндіруін сұра. Саған оның айтқаны түсінікті ме? Ал енді сен оған №1 (ә) кесте туралы айт.



а)


Қосылғыш	5	10	7
Қосылғыш	9	7	9
Қосындының мәні			

ә)

Азайғыш	5 + 9	10 + 7	7 + 9
Азайтқыш	8	9	6
Айырманың мәні			




2. Суреттерге және оған берілген өрнектерге қара. Қосындыдан санды әртүрлі тәсілмен қалай азайтуға болатынын түсіндір. Қорытынды жаса.




$$(5 + 4) - 3$$

1-тәсіл:
 $(a + b) - c$



$$(5 - 3) + 4$$

2-тәсіл:
 $(a - c) + b$



$$(4 - 3) + 5$$

3-тәсіл:
 $(b - c) + a$



Қосындыдан санды әртүрлі тәсілмен азайтуға болады.

- 1) Қосындының мәнін тауып, одан санды азайту: $(a + b) - c$.
- 2) Бірінші қосылғыштан санды азайтып, оған екінші қосылғышты қосу: $(a - c) + b$.
- 3) Екінші қосылғыштан санды азайтып, оған бірінші қосылғышты қосу: $(b - c) + a$.



3. Тиімді тәсілмен есепте.



а)

$(7 + 6) - 5$

$(4 + 8) - 3$

$(46 + 29) - 19$

$(5 + 6) - 4$

$(8 + 7) - 6$

$(67 + 24) - 37$

ә)

$(59 - 12) - 9$

$(25 + 36) - 6$

$(27 + 13) - 5$

$(42 + 19) - 2$

$(55 + 28) + 5$

$(12 + 88) - 50$



4. Есепті оқып, досыңмен талқыла. Оны шығар.



Гүлзарда 8 ақ және 7 қызыл раушангүл өсіп тұр. Гүлшоғын құрастыру үшін 5 раушангүл қиып алынды. Гүлзарда неше раушангүл қалды?



Бұл есепті әртүрлі тәсілмен шығаруға болады. Бір тәсілмен сен шығарып қойдың. Есепті шығарудың басқа тәсілдерін іздестіріп көр. Суретке қара. Раушангүлдің қандай түстері қиып алынуы мүмкін?



Есептің әр жағдайда қалай шығарылғанын түсіндір.

1-тәсіл: $(8 + 7) - 5$

2-тәсіл: $(8 - 5) + 7$

3-тәсіл: $(7 - 5) + 8$



5. Есепті әртүрлі тәсілмен шығар.



а) Қоймада 60 қап күріш және 40 қап құмшекер болды. Дүкенге 30 қап жөнелтілді. Қоймада неше қап қалды?

ә) Саяхатшылар қалаға дейін 3 сағат автобуспен, 7 сағат пойызбен жүрді және 5 сағат кемемен жүзді. Олар жолда барлығы неше сағат болды?

6. Баған түрінде жазып, түсіндіре отырып есепте.

Дұрыстығын тексер.

а) $34 + 66$

$100 - 37$

$51 + 49$

$100 - 82$

$35 + 15$

$50 - 27$

ә) $3 \text{ дм } 4 \text{ см} + 6 \text{ дм } 6 \text{ см}$

$24 \text{ см} + 76 \text{ см}$

$1 \text{ м} - 3 \text{ дм } 4 \text{ см}$

$1 \text{ м} - 58 \text{ см}$

$3 \text{ дм } 5 \text{ см} + 4 \text{ дм } 5 \text{ см}$

$6 \text{ дм} - 25 \text{ см}$

43

Екі таңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмі. 15 + 28, 43 - 15

Сабақтың мақсатын қоямын



Мен екі таңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмін қолдануды үйренемін.



1. Суретте бейнеленген спорт ойындарының түрлерін ата. Есептеуді ауызша түсіндір. Дұрыстығын тексер.



$$100 - 76$$



$$79 + 11$$



$$68 - 36$$



$$46 + 54$$



$$52 + 28$$



$$90 \text{ кг} - 69 \text{ кг}$$



$$50 \text{ см} - 19 \text{ см}$$



$$25 \text{ см} + 13 \text{ см}$$




$$80 \text{ см} - 37 \text{ см}$$

2. Тапсырмаға берілген жазу мен суретке қара. Бүгінгі сабақтың мақсатын қой. Есептеуді түсіндір.

Ондықтар	Бірліктер

$$\begin{array}{r} 1 \\ + 15 \\ \hline 28 \\ \hline 43 \end{array}$$

$$\begin{array}{r} \cdot \\ - 43 \\ \hline 15 \\ \hline 28 \end{array}$$



... жазамын.

Бірліктерді қосамын:

$5 + 8 = 13$ немесе 1 онд. 3 бірл.

3-ті бірліктердің астына жазамын, ал 1 ондықты ондыққа қосу үшін есіме сақтаймын.

Ондықтарды қосамын:

1 онд. + 2 онд. + 1 онд. = 4 онд.

Жауабы: қосындының мәні 43-ке тең.

... жазамын.

Бірліктерді азайтамын.

3-тен 5-ті азайта алмаймын.

1 ондықты аламын.

1 ондық және 3 бірлік – бұл 13 бірлік. $13 - 5 = 8$.

8-ді бірліктердің астына жазамын.

Ондықтарды азайтамын:

1 ондықты қарызға алдық,

3 ондық қалды.

3 онд. – 1 онд. = 2 онд.

Жауабы: айырманың мәні 28-ге тең.

3. Баған түрінде жазып, есепте.

$36 + 28$

$95 - 18$

$34 + 58$

$67 - 59$

$18 + 64$

$72 - 26$

$37 + 18$

$54 + 28$

$100 - 37$

$92 - 56$


$78 + 17$

$78 - 49$



4. Есептерді шығар.

а) Веложарысқа 100 адам қатысты. Олардың 35-і ер адам, 25-і әйел, ал қалғаны – балалар. Веложарысқа неше бала қатысты?



ә) Саябаққа барлығы 96 ағаш отырғызылды. Олардың 32-сі қайың, 40-ы үйеңкі, ал қалғаны – терек. Саябаққа неше терек отырғызылды?

б) Саябаққа отырғызу үшін 36 шырша және 24 қарағай әкелінді. 12 ағаш отырғызылды. Отырғызылмаған неше ағаш қалды?



5. Есептемей салыстыр.

$42 + 58 * 42 + 18$

$51 - 31 * 51 - 21$

$60 - 14 * 60 - 24$

$46 + 34 * 64 + 34$

6. а) Көрсетілген өлшем бірліктеріне өрнекте.

$40 \text{ см} = \square \text{ дм}$

$4 \text{ дм } 2 \text{ см} = \square \text{ см}$

$200 \text{ кг} = \square \text{ ц}$

$86 \text{ см} = \square \text{ дм } \square \text{ см}$

$100 \text{ см} = \square \text{ м}$

$4 \text{ м} = \square \text{ см}$

ә) Есепте.

$3 \text{ дм } 5 \text{ см} + 2 \text{ дм } 7 \text{ см}$

$5 \text{ дм } 3 \text{ см} + 3 \text{ дм}$

$2 \text{ дм } 9 \text{ см} + 27 \text{ см}$

$9 \text{ дм } 4 \text{ см} - 7 \text{ дм } 5 \text{ см}$

$94 \text{ см} - 75 \text{ см}$

$53 \text{ см} + 39 \text{ см}$

Менің сыныбым



Мен екі амалмен орындалатын есептерді әртүрлі тәсілмен шығаруды үйренемін.



1. Математика сабағы үшін текшелер салынған қорап әкелінді. Суретке қарап, Сырымның қораптан текшелерді қалай алғанын айт. Ол қораптан неше текшені алды? Түсі қандай? Қорапта неше текше қалды?




Есептеудің әртүрлі тәсілін түсіндір.

$$1\text{-тәсіл: } 15 - (5 + 2) = 15 - 7$$

$$2\text{-тәсіл: } 15 - (5 + 2) = (15 - 5) - 2$$

$$3\text{-тәсіл: } 15 - (5 + 2) = (15 - 2) - 5$$



Текшелер салынған қорап дайында. Қораптан бірнеше текшені ал. Іс-әрекетіңді түсіндіріп, жазып көрсет.



Есепте. Досыңа түсіндір.

$$18 - (9 + 1)$$

$$15 - (7 + 8)$$

$$13 - (4 + 5)$$


$$16 - (7 + 3)$$

$$12 - (8 + 2)$$

$$14 - (6 + 2)$$


Сызбаны пайдаланып, өрнектерді салыстыр. Сен нені байқадың?

$$a - (b + c)$$



$$(a - b) - c$$

$$(a - c) - b$$



Саннан қосындыны әртүрлі тәсілмен азайтуға болады.

1) Қосындының мәнін тауып, оны саннан азайту: $a - (b + c)$.

2) Саннан алдымен бірінші қосылғышты, содан соң екінші қосылғышты азайту: $(a - b) - c$.

3) Саннан алдымен екінші қосылғышты, содан соң бірінші қосылғышты азайту: $(a - c) - b$.



2. Мектепке 70 орындық әкелінді. Бір кабинетке 25 орындық, ал екіншісіне 15 орындық қойылды. Неше орындық қалды?




Сызбасына қара. Есепті шығарудың әртүрлі тәсілін түсіндір.

1-тәсіл: $70 - (25 + 15)$

2-тәсіл: $(70 - 25) - 15$

3-тәсіл: $(70 - 15) - 25$



3. Есепті әртүрлі тәсілмен шығар.



а) Сыныптағы сөреде 50 кітап жинаулы тұр. Оның 23-і қазақ тілінде, 17-сі орыс тілінде, қалғаны – ағылшын тілінде. Сөреде ағылшын тілінде неше кітап бар?

ә) Көркем еңбек сабағы үшін алдымен 45 түрлі түсті қатырғы-қағаз жинағы сатып алынды. Содан соң тағы 30 жинақ сатып алынды. 20 жинақ үлестірілді. Неше жинақ қалды?

б) Сынып шамтізбемен безендірілді. Шамтізбеде 40 қызыл және 30 жасыл шам бар. 10 шам күйіп кетті. Неше шам жанып тұр?

4. Баған түрінде есептеп, дұрыстығын тексер.

а)

$$36 + 14$$

$$43 + 37$$

$$62 + 28$$

$$26 + 53$$

$$90 - 34$$

$$50 - 13$$

$$49 - 23$$

$$70 - 31$$

ә) Есепте.

$$\begin{array}{r} + 7 \text{ дм } 3 \text{ см} \\ \underline{1 \text{ дм } 7 \text{ см}} \end{array}$$

$$\begin{array}{r} - 8 \text{ дм } 0 \text{ см} \\ \underline{5 \text{ дм } 3 \text{ см}} \end{array}$$

$$\begin{array}{r} + 6 \text{ дм } 2 \text{ см} \\ \underline{2 \text{ дм } 6 \text{ см}} \end{array}$$

$$\begin{array}{r} - 5 \text{ дм } 0 \text{ см} \\ \underline{3 \text{ дм } 5 \text{ см}} \end{array}$$

5. Атаулы сандарды центнерге айналдырып, өсу және кему ретімен ата.

200 кг

500 кг

1000 кг

300 кг

400 кг

600 кг

900 кг

700 кг

800 кг

Менің көңілді, тату-тәтті сыныбым



Мен осы бөлім материалдарын қайталаймын.



1. Мектеп оқушылары жорыққа шықты. Әрбір суреттің жанындағы жазуларға қара. Жуық ондыққа дейін толықтыр. Сол сан жорыққа қай сыныптың оқушылары барғанын көрсетеді.

$68 + \square = 70$



$26 + \square = 30$







$35 + \square = 40$



$52 + \square = 60$



2. а) Есептеуді түсіндір.



ә) Есепте.

$46 + 54$

$67 + 33$

$37 + 63$

$100 \text{ см} - 38 \text{ см}$

$100 - 39$

$100 - 48$

$100 - 17$

$38 \text{ см} + 62 \text{ см}$

$100 - 46$

$72 + 28$


$100 - 22$

$57 \text{ см} + 43 \text{ см}$



3. Қысқаша жазылуы бойынша есептер құрастырып, оларды шығар.

- а) Болғаны – 35 және 25 дәптер
 Үлестірілді – 20 дәптер
 Қалғаны – ? дәптер




- ә) Болғаны – 56 жәшік алма және 33 жәшік алмұрт
 Сатылды – 35 жәшік жеміс
 Қалды – ? жәшік жеміс




4. Есепті шығар.

- а) Балалар мектеп ауласындағы үш гүлзарға 45 гүл отырғызды.
 Біріншісіне – 17 гүл, ал екіншісіне 19 гүл отырғызды. Үшінші гүлзарға неше гүл отырғызды?



- ә) Кері есептер құрастырып, олардың біреуін шығар.



5. Есепті шығар. Кері есеп құрастырып, оны шығар.

Асқар сыныптастарының 25 фотосуретін шығарды, ал Мақсат одан 17 фотосуретті кем шығарды. Балалар барлығы неше фотосурет шығарды? Есептің сұрағын бір амалмен шығатындай өзгерт.



6. Есептеудегі қатені табуға көмектес. Дұрыстығын тексер.



$\begin{array}{r} + 67 \\ 33 \\ \hline 90 \end{array}$	$\begin{array}{r} - 100 \\ 18 \\ \hline 92 \end{array}$	$\begin{array}{r} + 47 \\ 28 \\ \hline 65 \end{array}$	$\begin{array}{r} - 42 \\ 28 \\ \hline 24 \end{array}$
--	---	--	--



Математикалық олимпиада



Мен есептерді әртүрлі тәсілмен шығаруды үйренемін.



1. Балалар қалада өтетін математикалық олимпиадаға автобуспен барды. Сызба бойынша есеп құрастырып, әртүрлі тәсілмен шығар.



50 жолаушы

18 ұл

17 қыз

? ересек адам



2. Есептеудегі қатені тап. Дұрыстығын тексер.

$\begin{array}{r} + 66 \\ 18 \\ \hline 74 \end{array}$	$\begin{array}{r} - 80 \\ 46 \\ \hline 34 \end{array}$	$\begin{array}{r} - 100 \\ 82 \\ \hline 28 \end{array}$	$\begin{array}{r} + 49 \text{ см} \\ 27 \text{ см} \\ \hline 66 \text{ см} \end{array}$
--	--	---	---



3. Есепте.

$25 + 26$

$74 - 48$

$71 - 53$

$27 - 19$

$34 + 57$

$62 - 35$

$38 + 57$

$73 - 18$

$19 + 58$

$63 - 28$

$37 + 34$

$75 - 47$



4. Балалар бірдей мысалдарды анықтады. Оларды есептеп, жұбымен жаз.



$300 + 400$

$35 + 42$

$35 + 65$

$900 - 500$

$98 - 50$

$45 - 23$

$3 \text{ онд. } 5 \text{ бірл.} + 4 \text{ онд. } 2 \text{ бірл.}$

$3 \text{ онд. } 5 \text{ бірл.} + 6 \text{ онд. } 5 \text{ бірл.}$

$3 \text{ жүзд.} + 4 \text{ жүзд.}$

$9 \text{ онд. } 8 \text{ бірл.} - 5 \text{ онд.}$

$4 \text{ онд. } 5 \text{ бірл.} - 2 \text{ онд. } 3 \text{ бірл.}$

$9 \text{ жүзд.} - 5 \text{ жүзд.}$



5. Есепті шығаруға карточкалар таңда.

Саябаққа үш күн ішінде 30 ағаш отырғызылды. Бірінші күні 15 ағаш, екінші күні 7 ағаш отырғызылды. Үшінші күні неше ағаш отырғызылды?

$30 - 15$

$30 - 7$

$30 - 22$

$15 - 7$

$23 - 15$

$15 + 7$

Карточкаларды пайдаланып, есеп шығар.

6. Өрнектер құрастырып, олардың мәнін тап.

Азайғыш	60	40	50	30		80		50	70	80		90
Азайтқыш	25		15		35	42	30	16			32	45
Айырманың мәні		16		19	60		59		35	54	50	



7. Ағалы-інілі – Дәурен, Нұрлан және Әділет бір мектептің әртүрлі сыныбында оқиды. Дәуреннің жасы Әділеттен үлкен емес, ал Нұрлан Дәуреннен үлкен емес. Үлкен, ортаншы және кенже балалардың есімін ата.

Мақсатыңа жеттің бе?

Мен:

- санаудың ірілендірілген бірлігі жүздікті құруды, 1000-ға дейін жүздіктермен санауды, жазуды, салыстыруды;
- жүздіктерді ауызша қосуды және азайтуды орындауды;
- екі таңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмін қолдануды;
- тиімді есептеу үшін қосудың ауыстырымдылық, терімділік қасиеттерін қолдануды;
- екі-үш амалдан тұратын жақшалы және жақшасыз өрнектердің мәнін табуды;
- есептерді құрастыру, талдау және шығаруды, кері есептер құрастырып шығаруды;
- 100-ге дейінгі ондықтармен және 1000-ға дейінгі жүздіктермен сандар қатарының заңдылығын анықтауды;
- см, дм, м; кг, ц, л; сағ, мин шамаларының мәнін салыстыруды және олармен амалдар орындауды үйрендім.

БІЛУ

Толық жүздіктерді кему ретімен ата және жаз.

300, 700, 100, 1000, 400, 200.

